

БЕКІТЕМІН

«Алматы облысының білім баскармасы» ММ
«Облыстық білім беруді дамыту оку-әдістемелік
орталығы» директоры



А. Қабдулова

2021 ж.

PechaKucha форматында өтетін стендік сессия туралы
Ереже
(YOU TUBE каналында трансляциялау жүргізу арқылы)

1. Жалпы ережелер

Алматы облыстық білім беруді дамыту оку-әдістемелік орталығы Талдықорған қаласындағы НЗМ ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы филиалымен бірлесіп өнірлік үйлестірушілеріне арналған PechaKucha форматында стендік сессия өткізеді.

2. Мақсаты:

Жетекші мектепке біріккен, кәсіби қоғамдастыққа кірген серіктес мектептердің кәсіби өзара іс қымылын ұйымдастыру, мұғалімдердің кәсіби қоғамдастық жұмысына әдістемелік қолдау көрсету, тәжірибе алмасу.

3. Міндеттері:

Жетекші мектептің кәсіби қоғамдастығымен жоспарға сәйкес әдістемелік такырып (мәселе) бойынша әзірлеген зерттеушілік жұмыстарын анықтау.

4. Сессия қатысушылары

Стендік сессия жұмысына өнірлік үйлестіруші (аудандық, қалалық оку-әдістемелік орталығының әдіскері) қатысады.

5. Сессия өткізу мерзімі мен тәртібі

Облыстық білім беруді дамыту оку-әдістемелік орталығы ағымдағы жылдың сәуір айында zoom платформасында **PechaKucha форматында** өткізіледі.

Стендік сессияны ұйымдастыру мен өткізуде қазылар алқасының мүшелері анықталады. Қазылар алқасы озық тәжірибелерді анықтап марапаттауды жүзеге асырады.

6. Мазмұны

PechaKucha форматында 20 слайдтан тұратын зерттеу жұмысын ұсынады. Әр слайд 20 секунд көрсетіліп, автоматты түрде ауыстырылып отырады. Уақыты 6 минут 40 секунд немесе 6 минутпен шектеледі.

7. Бағалау критерийлері:

1. Жетекші мектептің директоры, мектеп әкімшілігі, үйлестірушінің колаборативті көшбасшылығын көрсете (бастамалар, идеялар, қажеттіліктері);
2. Педагигикалық қоғамдастықтың өзара әрекеттесуінің бірегей үлгісі;
3. Өзара әрекеттесуді жақсарту үшін талдау, бағалау және нақты тұжырымдар жасауы:
 - *Талдау: дәлел келтіріңіз;*
 - *Кедергілерді шешу жолдары: негіздемелер мен алынған нәтижелеріне сүйене отырып нақты қадамдар мен әрекеттерді көрсетеу;*
 - *Қорытынды.*

8. Койылатын талаптар

презентация көлемі - 20 слайд (әр слайд 20 секунд айналады)
тақырып аясында ауызша баяндау;
презентация идея аясында болуы тиіс;
тайм-менеджментті сақтау
презентацияда тірек сөздер, суреттер мен сызбалар болу керек.

9. Марапаттау тәртібі

Стендік сессияға қатысушылар арнағы диплом мен сертификаттармен марапатталады.

10. Байланыс.

Стендік сессияны ұйымдастыру және өткізу бойынша төмендегі телефон арқылы байланысуға болады:

87758081818 – Тогасова Айгүл Есмұратқызы - орталық әдіскері.